



№29 (8969),
жұма, 28 шілде
2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ПРЕЗИДЕНТ СОЛТҮСТІК ЕУРОПАНЫҢ БІРҚАТАР ЕЛІНДЕ БОЛҒАН ҚҰРАНДЫ ӨРТЕУ АҚТІЛЕРІН СЫНҒА АЛДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Еуропаның бірқатар мемлекетінде болған Құранды өртеу актілерін қазіргі әлемдегі шиеленістіруге, халықтар мен мемлекеттер арасындағы сенімге нұқсан келтіруге бағытталған арандатушылық әрекет деп санайды.

Қазақстан – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізуге бастамашы болған мемлекет. Бұл форум дәстүрлі діндер мен конфессиялардың көрнекті өкілдері арасындағы тиімді әрі табысты диалог алаңына айналды. Президенттің пікірінше, жиілеп кеткен діни вандализм мен аталған елдер азаматтарының жауапсыз әрекеті мемлекеттер мен діндерді бейбіт қатар өмір сүруіне кері әсерін тигізеді. Бұл жалпыға ортақ нормаларға қайшы келетін акциялар ретінде бірауыздан айыпталуға тиіс. БҰҰ Бас Ассамблеясі да бұл мәселеге қатысты өз ұстанымын білдіруі керек.

akorda.kz

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЛЕМІ 6,7 ЕСЕГЕ АРТТЫ



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Ауыл – Ел бесігі» жобасын жүзеге асыру мәселелері қаралды. Бұл туралы ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, Жамбыл облысының әкімі Нұржан Нұржігітов баяндама жасады. Қуантыровтың мәліметінше, қазіргі таңда республикада 6 295 ауылдық мекен бар, онда 7,5 млн ауыл тұрғыны немесе халықтың 38%-ы тұрады. Ауылдардың жалпы санынан даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауыл іріктеліп алынды, онда ауыл тұрғындарының 93%-ы тұрады. Бүгінгі таңда ауылдардың инфрақұрылымын дамыту «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде басым бағыт ретінде жүзеге асырылып келеді.

Мәселен, 2022 жылғы Өңірлік стандарттар жүйесі көрсеткіштеріне сәйкес инфрақұрылым мен қамтамасыз етілу деңгейі жоғары ауылдар саны ұлғайып, 786 ауылдық елді мекенді құрағанын көрсетіп отыр. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 525 ауылдық елді мекенге артық. Еліміздегі ауылдық аумақтарда тұратын 7,5 млн халықтың, 3,2 млн-ы өңірлік стандарттармен қамтамасыз етілу деңгейі жоғары ауылдарда тұратынын атап өткен жөн. «Сонымен қатар өздері тұратын ауылдарының инфрақұрылымын дамытуға қомақты қаражат салатын жергілікті ұйымдар мен кәсіпорындардың белсенділігін атап өткім келеді. Ірі кәсіпорындар тарапынан ауылдық жерлерде тұрғын үй, әлеуметтік нысандар және демалыс орындары салынған. Соңдай жергілікті ұйымдар мен кәсіпкерлер барлық өңірлерде бар», — деп атап өтті Ә. Қуантыров.

ОБЛЫСТА БИЫЛ 164 НЫСАНҒА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР ҮШІН БЕЙІМДЕУ ЖАСАЛАДЫ



Мүмкіндігі шектеулі жандарға кедергісіз орта қалыптастыру мақсатында 2023 жылы облысы бойынша әлеуметтік нысандарды бейімдеу үшін 164 нысанға 472,6 млн. теңге бөлінген. Бейімдеу жүргізілетін нысандардың басым бөлігі білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, әлеуметтік сала нысандары мен әкімдік ғимараттары, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

қажеттігін ескертті. Сондай-ақ бейімдеу жұмыстары аяқталған нысандарды аудан, қалаларда құрылған мобилді топ мүшелері қабылдап алып, «Инагоев» порталына енгізіп отыруы тиіс. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, облыста орналасқан ішінара бейімделген нысандардың толық бейімдеу үнемделген қаржы есебінен жүргізілетін болады. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мүгедектері бар адамдарға инфрақұрылым нысандарының қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қаражат бөлінген нысандардағы жұмыстардың барысына тұрақты түрде мониторинг жүргізуді жалғастырмақ. Еске салсақ, «АМАНАТ» партиясының «Өзгеріс жолы: әркімге лайықты өмір!» саясатында бағдарламасы орындалуында мүгедектері бар адамдардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған іс-шараларды іске асыру бойынша Жол картасының 84-85-тармақтарына сәйкес, облыста мүгедектері бар адамдарға инфрақұрылым нысандарының қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін 5 жылда 1123 нысанға бейімделу жұмыстары жүргізіледі деп жоспарланған. Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бөлінген қаржының уақытылы, сапалы іске асырылу мәселелеріне қатысты облыс әкімінің орынбасары Рустам Әли аудан, қала әкімдіктерімен селекторлық жиын өткізді. Жиында баяндама жасаған Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысының міндетін атқарушы Ермек Мизамбаевтың айтуынша, бейімдеу тек пандус орнатумен шектелмейді, ол 6 аймақты қамтиды. Атап айтқанда, ғимаратқа кіреберіс аймақ - пандус орнату; қозғалыс жолы - дәліздің, холдың, лифтінің қолайлылығы; қызмет көрсету аймағы - ғимараттағы киім ілетін орынның, тіркеу орнының, кабинеттердің жайлылығы; санитарлық-дәретхананың ақпараттық-телекоммуникациялық аймақ - қажетті ақпарат алудың қолжетімділігі; нысан аумағы - көлік тұрағының, тиісті жол белгілерінің болуы т.б. Бүгінгі күні 13 ғимаратта бейімдеу жұмыстары аяқталған. Ал қалған 71 нысанда тиісті жұмыстар жүргізіліп жатса, 76 нысанда өзiрге мемлекеттік сатып алу конкурстары жарияланған. Баяндамашының айтуынша, әлі күнге бұл жұмыстарды бастамаған нысандар да бар. Бұл Кербулақ және Қаратал аудандарына қатысты. Рустам Әли аталған аудандарда жұмысты ширатуды, сол сияқты облыста орналасқан барлық әлеуметтік нысандардың мүгедектерді қолжетімділігі қыркүйекке дейін қамтамасыз етілуі



Сондай-ақ ауылдардың инфрақұрылымын дамытуға қомақты қаражат салатын жергілікті ұйымдар мен кәсіпорындардың белсенділігін атап өткім келеді. Ірі кәсіпорындар тарапынан ауылдық жерлерде тұрғын үй, әлеуметтік нысандар және демалыс орындары салынған. Соңдай жергілікті ұйымдар мен кәсіпкерлер барлық өңірлерде бар», — деп атап өтті Ә. Қуантыров. Сондай-ақ ауылдарды дамытуға бөлініп жатқан мемлекеттік бюджет көлемінің де артуына оң әсерін тигізіп келеді. Мәселен, 2019 жылы жеке инвестициялардың көлемі – 2,5 трлн теңге болса, 2022 жылы – 3,1 трлн теңгені құрады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ҚР ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды және жүзеге асырылып келеді. Тұжырымдамада «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасын іске асыру, сумен, электрмен жабдықтау, газбен қамту, шекара маңы аумақтарды әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын қамтамасыз ету, жергілікті маңызы бар жолдарды салу, жөндеу және әлеуметтік нысандар салу арқылы ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту шаралары қамтылған. Сөз соңында Ә. Қуантыров «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасын іске асыру Ұлттық экономика министрлігінің тұрақты бақылауына екенін жеткізді.

«Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы бойынша 2019-2022 жылдары республикалық бюджеттен 326 млрд теңге бөлініп, 3,7 мыңнан астам жоба іске асырылды. Бұл тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы 334 нысанды, 1 200 әлеуметтік нысан мен 2 мыңнан астам көлік инфрақұрылым нысанын салуға және жөндеуге мүмкіндік берді. «Биыл 771 ауылдық елді мекенде 1 800 жобаны іске асыру үшін жалпы 218,2 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы 244 жоба, 383 әлеуметтік нысандар және ауылшілік жолдарды жақсарту бойынша 1 200 жоба іске асырылып жатыр», — деп мәлімдеді Ә. Қуантыров.

Кетірілген мәліметтерге сүйенсек, «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы іске асырылған жылдан бастап республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі 6,7 есеге артқан. Мәселен, 2019 жылы 29 млрд теңге бөлінсе, республикалық бюджеттен осы жылға 198 млрд теңге қарастырылған. Сонымен қатар бөлінген бірінші жартыжылдықтағы бөлінген қаржының игеруіне қатысты облыс әкімдіктері бюджет қаражатының 27%-ын игерген. Қаражаттың жоғары игерілуі Павлодар, Ақтөбе Қызылорда облыстарында байқалады. Бұдан басқа, қаражаттың ең аз игерілуі Алматы мен Ұлытау облыстарына тиесілі. Жалпы бүгінгі таңда, 1600 жоба бойынша конкурс өткізіліп, 158 жоба аяқталды. Аяқталмаған ең көп жобалар Жамбыл, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында анықталды. Министр өз кезегінде биылғы жылдың аяқталуына алты айдан аз уақыт қалғанын, осы орайда Министрлік әкімдіктермен бірлесіп бағдарламаны тиімді іске асыру бағытындағы келесі жұмыстарды жүргізетінін айтты. Олар: -Жобалардың конкурстарын өткізу процестерін тездету; -Бағдарламаны аясында қосымша қаржы талап ететін нысандарға қаржы бөлу мүмкіндігін қарастыру; -Бөлінген қаражатты уақытылы игеруді қамтамасыз ету; -Құрылысы жүріп жатқан жобаларды жыл соңына дейін сапалы әрі мерзімінде аяқталуын қадағалау; -Жобалардың орындалу барысына апта сайын мониторинг жүргізу. Сонымен қатар «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасының жүзеге асырылу аясында ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасына әсер етуін бағалау мақсатында Өңірлік стандарттар жүйесі арқылы тапдау жасалып келеді. Қазірдің өзінде бағдарламаның нәтижелерінен оң өзгерістер байқалады.

Өңірде 104 мыңға жуық бала жазғы сауықтыру демалысымен қамтылды



Жетісу облысында 103 258 бала жазғы каникул кезеңінде сауықтыру демалысымен қамтылды. Атап айтсақ, қала сыртындағы лагерлерде 13838 оқушы, мектеп жанындағы жазғы алаңдарда 43423 бала қамтылды. Бұл туралы Жетісу облысының білім басқармасының дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығының директоры Айбол Қасенов Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен пресс-конференцияда айтты.

8 лагерь 2 маусымнан бастап жұмыс жүргізуде. Атап айтсақ, Текелі қаласында «Алтын Чажа», «Эдельвейс», «Бастау», Алакөл ауданында «Шағала», Көксу ауданында «Қарлығаш», Ескелді ауданында «Айналайын», «Көкөтебе», Ақсу ауданында «Тамшыбұлақ» лагерлері. Жалпыға міндетті оқу қорынан балаларды жазғы сауықтыру лагерімен қамту басты назарда. Аталған санаттағы 13838 баланың 7961-і биылғы жылдың 2 маусымы – 24 шілдесі аралығында қамтылды. 2023 жылдың тамыз айының 29-на дейін 5832 бала қамтылады», – деді спикер.

Спикердің мәлімдеуінше, мектеп жанындағы жазғы алаңдарда облыс бойынша 43423 бала толығымен қамтылды. Демеушілердің қолдауымен 1004 баланың 496-сы қазіргі күнде лагерлерде демалуда, ал қалған балалар тамыз айының соңына дейін қамтылады.

«Экскурсиялық саяхаттармен 5640 бала жалпы ұлттық патриотизм ұғымын кеңейтуге бағытталған «Туған жер» бағдарламасы аясында балаларға жазғы демалыста алдын ала әзірленген маршруттар бойынша тарихи маңызы бар орындарға барып қайтты. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі, жетім, аз қамтылған отбасының 50 баласы «Астана қаласының 25 жылдығына» орай елордаға экскурсия жасады.

«Балдәурен», «Бөбек» республикалық оқу-сауықтыру орталығына 9 қаңтардан бүгінгі күнге дейін бөлінген квота бойынша 511 бала қамтылды», – деді Айбол Батырболұлы.

Одан бөлек, Панфилов ауданы Лесновка ауылында «Қарлығаш» жазғы сауықтыру лагері 150 баланы 1 маусымға қабылдады. Онда жалпы саны 750 бала қамтылады.

Сонымен қатар Алакөл ауданы Ақши ауылында «Жалын» жазғы сауықтыру лагері де 28 шілде күні дарынды 100 балаға арналған оқу-жаттығу жиынының бірінші ауысымын бастайды.

gov.kz

ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ДЕПОЗИТ МӘЖБҮРЛЕУ ЗАҢСЫЗ!



Қазақстандық тұтынушылар көңіл көтеру, демалыс базалары және т.б орындарына барып, демалған уақытта кәсіпкерлер тарапынан депозитпен мәжбүрлеу сынды мәселеге ұшырап жатады.

Бұл ретте ҚР «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» заңының 28 бабында тұтынушыны тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өзіне қажетсіз мөлшерде және (немесе) ассортиментте сатып алуға мәжбүрлеуге тыйым салынған, яғни бұл бәрімізге мәлім Депозит жайлы айта кетсек, жоғарыда айтылған Заң талаптарына қайшы болып табылады.

Бұл жайында Жетісу облысы бойынша сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Еділ Зайтбеков облыстық «Атамекен» ҰКП өткен «Көңіл көтеру орындарындағы, демалыс базаларындағы депозит мәселесі және тұтынушылар құқығы» тақырыбындағы дөңгелек үстел барысында жеткізіп, заңның нормаларын кездесуге қатысқан кәсіпкерлерге, оның ішінде көңіл көтеру орындарымен демалыс базасы иелеріне түсіндірді.

Сонымен қатар, департамент басшысы «Тұтынушылар рестораны, кафе, асхана және басқа да тамақтану орындарында тапсырыс беруге арналған мезгілдегі тіл мәселесін қозғап, жоғарыда аталған заңның 24 бабына сәйкес сатушы (дайындаушының, орындаушының) тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы «ҚР тіл туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес келетін қазақ және орыс тілдеріндегі ақпаратты беруге міндетті» екендігін атап өтті.

Практика жүзінде кездескендей, кәсіп иелері мезгірді тек орыс тілінде көрсетіп, тұтынушылар тарапынан мемлекеттік тілде көрсетілмегендігі туралы шағымдар келіп түсуде. Тағы бір өзекті мәселе, егерде тұтынушының құқықтары бұзылған жағдайдағы шағым жазу, кері бай-

ланыс жайлы да жиын барысында көтерілді. Бұл жайында Еділ Зайтбеков «ҚР «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» заңының 33-2 бабында сатушы (дайындаушы, орындаушы) тауарды өткізу (жұмысты орындау, қызметті көрсету) орында уәкілетті органның және тұтынушылық дауларды сотқа дейінгі реттеу субъектілерінің байланыс деректерін (мекенжайы мен телефон нөмірін), сондай-ақ тұтынушының өзінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін оларға немесе сотқа жүгіну құқығы туралы ақпаратты орналастыруға міндетті» – деп атап өтті.

Жиында өзгерістермен толықтырулар енгізілетін ҚР «Тұтынушылар құқықтары туралы» Заңының жобасы жайында сөз қозғалды. Заң жобасының 54-бабында кәсіпкер сотқа дейінгі кезеңде заңды талаптарын қанағаттандырмаған тұтынушының пайдасына айыппұл салу көзделгенін атап өткен жөн. Бұл айыппұлдың бірегей ерекшелігі-оның тараптардың бәсекелестігі негізінде сот өндіріп алған сомасы сотта өзінің заңды тұтынушылық құқықтарын қорғайтын тұтынушының пайдасына аударылады.

Сонымен қатар, тұтынушылар құқықтарын қорғау мәселелері бойынша омбудсмен институтының енгізілуімен тұтынушылардың құқықтарын қоғамдық қорғауды институционалдық күшейту жүзеге асырылатын болады.

Жиын жалғасы сұрақ-жауап алмасумен жалғасып, кәсіп иелері өздеріне қажетті мағлұматтарды алды.

Жалпы ағымдағы жылдың 1 жартыжылдығында Жетісу облысы бойынша сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментіне 200ден аса өтініш түсіп, 6 101 000 теңге қаржы тұтынушыға қайтарылған. Өтініштердің арасында көбінесе кездесетін шағымдар: сапасыз тауарды жөндеуден, айырбастаудан/қайтарудан бас тарту болып табылады.

ӨНДІРІСТІК БАҚЫЛАУ: ӨНІМДЕРДІҢ ЖҰМЫСТАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ

Өндірістік бақылау адам үшін өнімдер, жұмыстар мен қызметтер үшін қауіпсіздік пен зиянсыздықты қамтамасыз етудің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол өндірістік процестермен байланысты тәуекелдерді азайтуға және халықтың денсаулығын қорғауға бағытталған. Өндірістік бақылаудың тиімді бағдарламасы объектідегі тәуекел факторларын ескере отырып әзірленеді және санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға әсер етуі мүмкін жаңа технологияларды енгізу немесе өзгерістер кезінде міндетті түрде қайта қаралуына қажетті ақпаратпен Жетісу облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ахметов Самат Махаббатұлы Өңірлік коммуни-

кациялар қызметінің алаңында өткен пресс-конференциясында бөлісті.

Өндірістік бақылаудың негізгі мақсаты, барлық тұтынушылар үшін өнімдердің, жұмыстардың және қызметтердің қауіпсіздігі мен зиянсыздығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл адам денсаулығы мен қоршаған ортаға ықтимал жағымсыз әсерлердің алдын алу-ды білдіреді.

«Негізгі кезең - әрбір объектінің нақты ерекшеліктеріне бейімделуі тиіс өндірістік бақылау бағдарламасын әзірлеу. Өндіріс түрі, қолданылатын материалдар, технологиялық процестер және пайдалану шарттары сияқты әртүрлі қауіп факторларының болуын ескере отырып, бағдарлама қауіптердің тиімді алдын алуға бағытталуы керек», - деп түсіндірді спикер.

Өндірістік бақылаудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың заманауи әдістерін қолдану қажет. Бұған өнімнің сапасын бақылау, санитарлық және гигиеналық нормалардың сақталуын тексеру, сондай-ақ объектілердің барлық қауіпсіздік талаптары мен стандарттарына сәйкестігін бағалау кіреді

«Өндірістік бақылау барысында тамақ өнімдері қауіпті қасиеттерге ие болған бұзушылықтар анықталған жағдайда, кәсіпкер тамақ өнімдерін дайындау, айналымы және кәдеге жарату процестерін дереу тоқтатуға, оны ішкі сауда объектілерінен кері қайтарып алуды қамтамасыз етуге және тиісті сараптама жүргізуге міндетті, содан кейін оны кәдеге жаратуды немесе жою ұйымдастырылады», - деп қорытындылады Самат Махаббатұлы.

gov.kz

ҚАЗАҚСТАНДА ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 40 ТАН АСТАМ СҰР СЕРТИФИКАТ ЖОЙЫЛДЫ



Ұлттық аккредиттеу орталығы аккредиттеу субъектілерінің аккредиттеу өлшемшарттарын сақтауына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді. 2023 жылдың басынан анықталған бұзушылықтар нәтижесінде сәйкестікті рас-

тау жөніндегі органдар 41 сәйкестік сертификатының, 15 сәйкестік туралы декларацияның, 8 х а т а м а с ы н ы ң күшін жойды, бес аккредиттеу аттестаты кері қайтарып алынды: үшеуі – аккредиттеу саласының бөлігінде және екеуі толық.

ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің атына 93 ЕАЭО сәйкестік сертификаты, 72 ЕАЭО сәйкестік декларациясы және

10 ҚР сәйкестік сертификаты бойынша анықталған бұзушылықтар бойынша хаттар жолданды.

2022 жылғы мониторинг қорытындысы бойынша сәйкестікті растау жөніндегі органдар ҚР-ның 14 сәйкестік сертификатын, ЕАЭО-ның 43 сәйкестік сертификатын кері қайтарып алды. Екі аккредиттеу аттестаты толығымен кері қайтарылды, алтауы аккредиттеу саласында уақытша жарамсыз деп танылды. ҚР СИМ КТРМ көлік құралдары конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердегі 80 бұзушылық бойынша мәліметтер жолданды.

Аккредиттеу критерийлерін сақтау бойынша аккредиттеу субъектілерінің қызметіне мониторингті «сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» ҚР Заңының 14-бабына сәйкес ҰАО жүргізеді.

gov.kz

АҚПАРАТ



«АМАНАТ» партиясы Ескелді аудандық Сайлауды бағдарламасының Жол картасында көрсетілген Жетісу ауылындағы дәрігерлік амбулаториясының күрделі жөндеу жұмыстарын қадағалау мақсатында нысанда Партиялық бақылау посты құрылды. Партиялық бақылау постың ашылуына Ескелді аудандық партия филиалының төрағасы А.Ы.Баяханмен, партиялық бақылау посттың мүшелері құрылыс нысанының

жұмыс барысымен танысты.

Бүгінгі күні Жетісу ауылының дәрігерлік амбулаториясына күрделі жөндеу жұмыстары басталды. «Тілек - 2030» ЖШС мердігерлік ұйымымен жалпы сомасы 112 500 121 теңгеге шарт

жасалды, «Каспий маңы құрылыс басқармасы –Шымкент» ЖШС авторлық қадағалауымен 1 184 212 теңгеге шарт жасалды, «Мегалит Алматы» ЖШС техникалық қадағалауымен 3 453 162 теңгеге шарт жасалды. Фимараттың жөндеу жұмыстары бөлшектеу сатысында.

Нысанда 12 адам жұмыс істейді.

ПРОФИЛАКТИКА ВИРУСНЫХ ГЕПАТИТОВ!

Вирусные гепатиты являются инфекционными заболеваниями, которые поражают внутренние органы и, в частности, печень человека. Несмотря на существенные различия в симптоматике и способах передачи, все вирусы оказывают воспалительное действие и негативно сказываются на состоянии здоровья. В настоящее время наиболее распространены пять вирусов гепатита, каждый из которых представляет опасность для человека: А, В, С, D и E.

Вирусы гепатиты А и Е передаются преимущественно через загрязненную воду, пищевые продукты и грязные руки. Передача вирусов гепатита В, С и D осуществляется через кровь (при инъекционном введении наркотических средств, использовании нестерильного инструментария при нанесении татуировок, пирсинге, проведении косметических, маникюрных, педикюрных и других процедур, связанных с нарушением целостности кожи и слизистых оболочек), а также от инфицированной матери ребенку во время родов и при незащищенном половом контакте. Наибольший риск инфицирования вирусами гепатита В, С и D связан с потреблением наркотических средств инъекционным путем.

Распространению заболевания способствует то, что в подавляющем большинстве случаев оно протекает скрыто и бессимптомно. Без лечения хронический вирусный гепатит часто приводит к развитию цирроза или рака печени. Однако многие инфицированные даже не подозревают о своей болезни и не только не лечатся сами, но и неосознанно могут стать источником вируса для других

людей.
Общие правила профилактики
Для всех типов инфекции гепатита существует ряд правил, соблюдение которых поможет избежать попадания вирусов в организм:

1. Главный фактор риска – некипяченая вода. Ее нельзя пить, не рекомендовано мыть в ней овощи и фрукты без последующей термической обработки. Залог здоровья и защиты от гепатита А – чистая вода, которая подвергалась нагреванию до 100°C.

2. Общее правило безопасности – избегание контактов с биологическими жидкостями чужих людей. Чтобы уберечь себя от заражения гепатитом С и В, в первую очередь нужно соблюдать осторожность при попадании чужой крови на открытые ранки, слизистую оболочку и пр. В микроскопических дозах кровь может быть на бритвах, ножницах, зубных щетках и прочих предметах гигиены. Поэтому не стоит использовать их совместно с кем-то.

3. Никогда не используйте повторно шприцы и иглы, а также соблюдайте стерильность состояния инструментов, которыми вы собираетесь нанести татуировку или сделать пирсинг. Помните – гепатит очень долго живет в открытом пространстве. В отличие от вируса СПИДа, он может сохраняться до нескольких недель на любых поверхностях.

4. В основном гепатит В передается путем полового контакта, но таким методом возможно и попадание вируса С. Поэтому принимайте максимальные меры предохранения при интимных связях любой формы.

5. Вирусная инфекция передается также от матери к ребенку при родах, в период беременности или лактации. Лучше всего провести вакцинацию, поскольку пути заражения могут оста-

ваться. Наиболее эффективным способом профилактики гепатитов является вакцинация!

Против вирусного гепатита «А» прививаются дети, достигшие 2-х лет, и ранее не привитые дети до 14 лет. Полный курс вакцинации состоит из 2 прививок, интервал между 2 прививками 6 месяцев. Ежегодно 15 000 – 18 000 детей получают вакцинацию и не зарегистрировано ни одного осложнения после прививки.

Вакцинация против вирусного гепатита В состоит из 3 прививок, детям вводят с перерывом в 2 месяца между первой и второй прививками, взрослым – с перерывом в 1 месяц между первой и третьей прививками в 5 месяцев.

К вакцинации против вирусного гепатита В, подлежат новорожденные, лица контактировавшие с больным в очаге заболевания, медицинские работники, лица, обучающиеся в организациях высшего и среднего медицинского образования, лица, переливающие кровь и ее компоненты и препараты (реципиенты), впервые выявленные ВИЧ-инфицированные, впервые выявленные лица, подлежащие гемодиализу и трансплантации, онкогематологические больные.

Благодаря ежегодному выделению из местного бюджета достаточного количества средств на приобретение вакцин, уровень заболеваемости вирусным гепатитом «А» снижается. Снижение вирусного гепатита «А» является результатом проведения ступенчатой вакцинации среди населения.

Е. СЕЙСЕМБИНОВ,
Руководитель Ескельдинского районного УСЭК
Е. МАКСИМОВА,
Ведущий специалист

ЖЫЛЫҒАЖАЙ



Жылыжай (орыс. теплица, ағылш. greenhouse) - жылу сүйетін жидектер мен көкөністерді, гүлдерді және басқа да өсімдіктерді жыл бойы өсіруге мүмкіндік беретін, қорғалған, жылытылатын, кендігі әр алуан құрылыс. Көшетханаға қарағанда құралымы, жылыту жүйесі күрделірек келеді.

Қазіргі таңда Ескелді ауданы, Көкжасық ауылында Жылыжай шаруашылығын жасап жатқан Нұрғали Еркін ИП «Шаңырақ» айту-

ынша, бір түп қызанақ тоқсан күннің айналысында толықтай піседі екен. Жылыжайда қызанақ толық пісіп болған соң қияр егіп өсіреді екен.

Жылыжай шаруашылығында Нұрғали Еркін 2017 жылдан бастап істеп жатыр. Күтімге байланысты. Жақсылап қарай алсақ, жақсы өнім береді. Қаңтар ақпан айында бірінші лек егілсе, екінші легі шілде айының ортасында жаңадан отырғызылады. Піскен өнімді бір күн тастап теріп отырамыз және арнайы пакетке саламыз. Бәсекелестік бар. Өнімдерді ірі сауда нүктелеріне көтерме бағамен бір-ақ сатамын», дейді кәсіпкер.

Жылыжай иесі жұмыс ауқымын кеңейте түссем дейді. Әрине ол үшін мемлекет ұсынып отырған бағдарламаларды да пайдаланып көрген абзал.

Сол үшін Ескелді аудандық «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы 5 млн гранты мен Ауыл аманаты бағдарламасын толық түсіндіріп айтып қолдау көрсетіп жатырмыз.

Ескелді аудандық «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы

МЕДАЦИЯ-ГОРМАНИЧНОЕ РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ И ВЗАИМНОЕ ДОБРОВОЛЬНОЕ ВОЛЕИЗЪЯВЛЕНИЕ



Споры и конфликты – неизбежная часть человеческой жизни, но их разрешение может быть сложным и длительным процессом. Медиация применяется в различных областях включая гражданское, трудовые, семейные и другие правоотношения с участием физических лиц. Она также может использоваться в уголовном производстве по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести, об уголовных проступках, если закон и страны предусматривают такую возможность.

Принципы медиации. Основными принципами медиации являются: 1) Добровольность. Участие в медиации основано на добровольном волеизъявлении сторон; 2) Равноправие. Стороны имеют равные права и возможности в процессе медиации; 3) Независимость и беспристрастность медиатора, медиатор не является защитником или обвинителем, а является

независимой и беспристрастной стороной; 4) Недопустимость вмешательства. Стороны сами принимают решения, без вмешательства других лиц; 5) Конфиденциальность, все сведения, полученные в ходе медиации, остаются строго конфиденциальными.

Медиатор – ключевой участник процесса медиации. Он является независимой стороной, помогающей участникам найти решение в ходе обсуждения конфликта. Важно отметить, что медиатор не принимает сторону ни одной из сторон, а стремится обеспечить равное участие и интересы всех сторон. Медиация предоставляет сторонам полную свободу действий. Участники могут в любой момент отказаться от участия, а также свободно регулировать свои права, требования и компромиссы. В ходе медиации стороны имеют право выбирать вопросы для обсуждения, в медиатор способствует нахождению взаимоприемлемых решений.

По окончании процесса медиации, если стороны достигли соглашения, оно оформляется в письменной форме. Важно отметить, что сведения, ставшие известными участникам медиации, должны оставаться строго конфиденциальными. Медиация – это мощный и эффективный метод разрешения споров

и конфликтов, который позволяют сторонам сотрудничать, находить компромиссы и достигать взаимоприемлемых решений. Соблюдение принципов добровольности, равноправия и конфиденциальности делает процедуру медиации эффективным инструментом в построении гармоничных отношений и создании благоприятной атмосферы для разрешения споров. Медиация – это не только эффективный метод разрешения споров, но и средство для сохранения отношений и достижения гармонии. Применение медиации в различных сферах позволяет сторонам находить компромиссы и сотрудничать для достижения взаимовыгодных решений. Вне зависимости от характера спора, медиация представляет собой ценный инструмент для построения устойчивого и мирного общества.

Ұлан МАМЫТБЕК,
Судья Ескельдинского районного суда

ҮКІМЕТ КӨЛЕНКЕЛІ ЭКОНОМИКАҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ 2023 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ



Қазақстан Үкіметі Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекітті. Жоспарды ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп әзірледі. Тиісті қаулыға ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов қол қойды.

Жоспар салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіруге, тиімді бәсекелестік пен бюджетті бөлуге, халықты заңсыз бизнестен қорғауға және т. б. бағытталған жүйелі шараларды жүзеге асыруды көздейді. Атап айтқанда, іске асырылып жатқан шаралар кедендік тексерулердің тиімділігін арттыруға, кедендік рәсімдерді оңтайландыруға және әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша қосымша шаралар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Мәселен, 2025 жылға қарай көтерме және бөлшек саудадағы көлеңкелі айналымды 5%-ға дейін төмендету жоспарланып отыр. 2022 жылы бұл көрсеткіш 6,7%-ды құрады. Көлік және қоймалау саласында 2,4% (2022 жылы – 3,2%) көрсеткішке қол жеткізу жоспарланған.

Жоспарды іске асыру бейресми жұмыспен қамтуды азайтуды және заңсыз әрекеттердің жолын кесуді көздейді. Елдің ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесін 2022 жылғы 36%-дан 2025 жылғы 37,5%-ға дейін арттыру жоспарланып отыр.

Кешенді жоспар ҚР Президентінің сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде әзірленді.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗДАРЫ



Қазақ арулары сұлулығымен, ибалығымен, ісмерлігімен ғана емес, ержүректігімен, батырлығымен де аты шыққан. Сақ патшайымы Томирис пен бертіндегі Әлия мен Мәншүк, одан да бері Ләззат пен Сәбираға дейін де талай батыр арулар болған. Қазақ халқының арғы-бергі тарихында білек күшімен, шешен тілімен, ақыл парасатымен үлгі болатын батыр қыздар аз болмаған. Ертедегі Қыпшақ қыздары, «Тұрандот ханшайымдар» сұлу сымбатымен, табиғи тартымдылығымен, шығыс қыздарына тән ерекше сәнсалтанатымен Еуропаның рыцарларын құмар еткен.

Тұран – Тұран (мемлекеттің аты), дота, латынша қыз деген сөз. Сонда Тұрандот – «Тұранның қыздары» дегенді білдіреді. Десе дегендей-ақ олар расында да өте сұлу, кезге түсерліктей болған. Қазіргі қазақ даласында мұндай қыздар аз болмаған.

Томирис – Тұран патшасы Афрасиябтың қызы. Патшайым болып ел басқарған батыр қыз.

Зарина – Сақ патшасының қыз. Ел тағдыры үшін өз махаббатын құрбан етеді. «Жеке басымның бақытын елімнің еркіндігіне айырбастай алмаймын. Махаббаттан да жоғары нәрсе бар, ол – менің елім», – дейді Зарина.

Бөрте ханым – Шыңғыс ханның әйелі. Қоңырат тайпасының қызы. Жат елдікке пенде болғанмен, ұрпақ тәрбиесінде өз елінің ұлттық тағылымын меңгерте білген.

Гаухар – Қабанбай батырдың жары, Малайсары батырдың қарындасы.

Есенбике – Олжабай батырдың анасы, үйсін Қарасай батырдың қызы.

Назым – Қабанбай батырдың қызы.

Айтолқын – Абылай ханның қызы.

Бұл батыр қыздарының ұлттық намысты ту етіп, халық тағдыры үшін ерлермен бірге қан майданда ерлік көрсеткен батыл жандар.

Болай – Кенесарының қарындасы, бес жүз сарбазды басқарып, Ресей отаршылдарына қарсы соғыста ерен ерлік көрсеткен батыр қыз.

Мамыр – Байқасар арғынның қызы. Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» дастанындағы өжет қыз. Махаббаты үшін құрбан болған батыл қыз.

Айбике – Бұланбай батырдың жары, барлаушы сарбаздардың басшысы болған қыз. Талай шайқастарда жауынгерлердің ұлттық рухын көтеріп, ерлікке шақырған батыр қыз.

Ботакөз Есетқызы – Есет батыр Көкіұлының қызы. Батырлығымен, батылдығымен аты аңызға айналған қаһарман қазақ қызы.

Мұндай батыр қыздардың қатарын кешегі Ұлы Отан соғысы мен Тәуелсіздік құрбандары да толықтыра түседі.

Домалақ ана (Нүрилла) – Бәйдібек бидің жары. Нүрилла барлық адамға өте мейірімді, ақылды, әулие әйел болған. Домалақ ананың осындай қасиеттерін бүгінгі ұрпақ бойына сіңіріп өссе, онда келешегіміздің көкжиегі одан сайын кеңі түсер еді.

Қалампыр ана – Балуан Шолақтың анасы. Жазушы Сәбит Мұқанов «Балуан Шолақ» романындағы аналар бейнесін аса қызық сомдаған. Өмірде енегелі болған аналар бейнесі көркем өнерде ұрпаққа ғибрат берерліктей тәрбиелік маңызы зор.

Айша Қобыланқызы – атақты Қожаберген жыраудың жары. Халқымыздың тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» кезең боп таңбалаған зұлмат замандағы қазақтың мұңы мен зарын, арманы мен аңсарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, дәуірдің дауылпазындай дабыл қағып, ерлік пен елдікке үндеген әйгілі «Елім-айдың» әнін шығарған батыл қыз.

Айғаным – Шоқанның әжесі.

Зере – Абайдың әжесі.

Дінасыл – Мұхтардың әжесі.

Қызтумас – Бауыржанның әжесі.

Қалампыр ана – Балуан Шолақтың анасы.

Қарашаш – Жиренше шешеннің жары.

Жоғарыда аталған есімдердің біразы қазақ танымында эталондық, кейбіреуі символдық мәнге ие болған. Мысалы: Тұмар, Зарина – қайсарлық, өжеттік, төкаппарлықтың, Құртқа, Домалақ ана, Қарашаш – қазақ әйеліне тән ақыл-парасат пен көрегенділіктің, Жібек – сұлулық пен сымбаттың, Айман мен Ақжүніс әйел үшін таптырмайтын қасиет – қулық пен айлакерлік, тапқырлықтың, ал Баян – сұлулықпен бірге махаббатқа адалдықтың, сезімге тұрақтылықтың символы.

Халқымыз «Қызда қырық есекке жүк боларлық айла бар», «Суды құм бөгейді, дауды қыз бөгейді» деу арқылы қазақ қызына тән тапқырлық пен батылдық, айла мен ақыл сияқты қасиеттерді де көрсеткен.

Қорыта айтқанда, халқымыз қыз баланы тіршіліктің тірегі, әлемдегі ізгіліктің алтын діңгегі, жарық дүниедегі әдемілік пен сұлулықтың тәңірісі деп бағалаған.

Қазақ қызы қандай болуы керек: ұлтжанды, қайсар, тәрбиелі, нәзік, намысшыл, сыпайы, бауырмал, жанашыр, адал, білімді, көкірегі ояу, саналы, сүйкімді, махаббатта, достықта адал, бұрымды, инабатты, сымбатты, көрікті, жан-жақты ойлай алатын еліне, жұртына, достарына ерқашан қамқор қала алатын қыз, нағыз қазақ қызы. Мұның бәрі мәдени-әлеуметтік таңба ретінде халық танымында сақталып қалған.

Айбике ару Абылай ханның жау тылындағы барлаушыларының басшысы болған. Оның қоластында бірнеше тыңшы, барлаушылары болған. Ол ұзақ жылдар бойы «қолға түскен күң» бейнесіне еніп, қалмақ қонтайшысының ордасында күтуші болады. Жаудың күші мен шапқыншылық ниеті туралы Абылай ханға, Қаракерей Қабанбай мен

Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек пен Қыпшақ Тілеулі батырларға астыртын құпия хабарлар мен мәліметтерді жеткізіп отырады.

Ержүрек қыз Айбике қалмақ тілін өте жетік меңгерген екен. Оның үстіне Тарбағатай мен Алтайдың таулы өңірлерінде, Зайсан мен Марқакөл маңында кез келген уақытта атпен адаспай жол тауып жүре беретін «жер шолғыш» қасиеті де бар екен. Айбике ару Жоңғар мемлекеті құлағаннан кейін өз еліне аман-есен оралады.

Гаухар батыр

Қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс кезінде ерлік істерімен ел есінде қалған қазақ батыр әйелдерінің бірі – Гаухар. Ол атақты Қаракерей Қабанбай батырдың жан жары, Бәсентиін Малайсары батырдың туған қарындасы. Қабанбай батырдың қауіп-қатерге толы сансыз жорықтарында Гаухар ана ерекше табандылықпен қанды шайқастарға қатысқан. Қабанбай мен Гаухардың тұңғыштары Назым да өзінің ерлік істерімен тарихта аты қалған.

1724 жылы қазақтардың сол кездегі астанасы Түркістан қаласына жоңғарлардың қалың қолы тұтқиылдан шабуылға алады. Осы шайқаста Кіші жүздің ханы Әбілхайыр отыз мың әскер, Орта жүзден Сәмеке жиырма мың әскер дайындап, Қабанбайдың бас сардарлығымен жоңғарға қарсы шабуылға шықпақ болып жатқанда, Гаухар жоңғарлардың қоршауын ерлікпен бұзып шығып, Қабанбайға жаудың жағдайы жөнінде толық мәліметтер береді. 1725 ж. әйгілі «Бұланты» жеңісі осының нәтижесі еді. Кейін Гаухар Қабанбайға өмірлік жолдас болып, уақыт өте келе «Гаухар батыр» атанады. Гаухар батырдың азан шақырып қойған аты Майсара болса керек.

Назым (18 ғасыр)

Назым батыр Қаракерей Қабанбай мен оның жары Гаухардан туған. Әкесімен бірге 18 ғасырда қазақ-жоңғар соғысына қатысып, Отан қорғаған.

1745 жылы жоңғар қонтайшысы Қалдан Серен өліп, жоңғарлардың өз ішінде таққа талас басталады. Осы сәтті ұтымды пайдаланған Абылай хан Түркістан мен Сыр бойындағы қалаларды азат етуді мақсат етеді. Жоңғар тарапынан Қалдан Сереннің ортаншы ұлы, тақ мұрагері Цевен Доржы шығады. Ол өзінің қалың қолымен Абылай әскерлерінен бұрын келіп, бекініп алады. Абылай Жаңақорғанды алуды Қабанбайға бұйырады. Зеңбіректен жауған оқтан көптеген сарбаздар қырылып, Абылайдың қолы еріксіз кейін шегінеді. Не істерін білмей тұрғанда, Назым қазақ жасақтарының оң жақ

тұсынан Цевен Доржы тұрған төбеге қарай «Қабанбай! Қабанбай!» деп ұран тастап, суырылып шығады. Қыздың қолында не найза, не сойылы жоқ, бар болғаны қамшы ғана. Мұны көрген қалың қол шыдай алмай «Абылай! Ақ жол! Қабанбай! Абылай!» деп айқайлап, зеңбірекшілерді таптап өтеді. Жоңғарларды жеңгеннен кейін, Абылай қыздың осыншама ерлігіне риза болып, оған беліндегі сом алтыннан соғылған белбеуін сыйға тартыпты. Абылайдың жоңғарларды толық талқандауына жол салған сол жеңісі Назымның атымен байланысты аталады.

Болай Қасымқызы

Қазақтың 1838-1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы Кенесары Қасымұлының қарындасы Болай ханымның есімі көпшілікке біршама таныс. Ол Кенесары Қасымұлы құрған хандықтың сыртқы және ішкі саясатына белсенді араласып, аянбай тер төгеді. Болай қолбасшыға өжеттік, көсемдік, жеңіске деген сенім, салқынқандылық, қайсарлық, шешендік тән болған.

Ол өзінің күйеуі Сәмеке мен оның туыстары сұлтан Сартеке және Досан Әбілқайыровтарды да көтеріліске қатысуға шақырған екен. Олар келісім бермеген Болай 1837 жылы өзінің күйеуін және оның туыстарын тастап, өзімен алты баласын алып, өз тағдырын көтерілісшілер тағдырымен біржола қосады. Болай зекет жинайтын және көтеріліске қосылмаған сұлтандардың мүлкі мен азық-түлігін тартып алатын 600 адамдық ерекше топты басқарды. Сондай-ақ ол Кенесарының ірі шайқастарына қатысқан және партизандық жорықтар жасайтын болған. Болай Кенесарының барлық кеңестеріне қатысып отырған, ал Кенесары Болайдың ақыл-кеңестеріне құлақ асқан.

Жапалақ (18 ғасыр)

Тілеулі батырдың некелі тоғыз әйелі болған екен. Соның бірі – Тама Есет батырдың қарындасы Жапалақ. Ол жарымен бірге жорықтарға қатысып, құралайды көзден алатын мергендігімен қалмақтардың талайларын жайратып салған. Баласын дүниеге әкелгеннен кейін оның тәрбиесіне

айрықша назар аударып, шайқастарға шығуын сиреткен.

Ботакөз батыр (18 ғасыр)

Тама Есет батырдың қызы Ботакөз жас кезінде апасы Жапалақпен бірге жүріп, одан соғыс өнерін үйренеді.

Тарихи деректер бойынша 1742 жылы Есет батыр мен Тілеулі батырды Әбілқайыр хан шақыртып, екеуі Орынборға жол жүріп кетеді. Соны біліп алған жоңғарлар ауылдың жылқысын алып кету үшін шабуыл жасап, қуғыншыларды қырып салады. Ботакөз бірден қолына қару алып, 150 сарбазбен шапқыншыларға қарсы шығады. Осы шайқаста Ботакөз қалмақтардың қолбасшысы Қонды тайшыны атының үстіне жұлып алып, сүйретіп өетеді. Мұны көрген қалмақтар бытырай қашып, көбі садақ оғына ұшады. Қалмақ қонтайшысы қазақ қызынан жеңіліп, керемет қорланады. Ботакөз Есетқызының осы ерлігін растайтын құнды тарихи құжаттар Ақтөбенің облыстық мұражайында бар екен.

1749 жылы Барақ сұлтанның қолынан Әбілқайыр хан қаза табады. Оның орнына тағына баласы Нұралының отыру рәсіміне Әжібай би елдің бас көтерер бар азаматтары ертіп, Орынборға аттанып кетеді. Соны пайдаланып, Еділ қалмақтары қорғансыз ауылды қанға бөктіріп, бүкіл малды барымталап айтап кетеді. Мұны естіген Есет Көкұлының қызы Ботакөз аз уақытта өз руының жігіттерін жауға тойтарыс беруге шақырады. 150-дей сарбазды бастап Ойыл өзені бойында қамсыз жатқан қалмақтарға аш бөрідей тиісіп, кек қайтаралы. Сол жерде жауын тұтқындап алып келіп, тартып алынған мал-мүлікті еліне қайтарады.

Бақты (Бақтықыз) (19 ғасыр)

Бақты – Алашорда көсемдерінің бірі, азаттық қозғалысының алыбы Мұстафа Шоқайдың әжесі, Торғай датқаның бәйбішесі. Ол 19 ғасырдың ортасында әкесімен бірге Түркістанды жаулаушы орыс отаршыларына қарсы күресіп, жау торабын барлаушылық қызметін атқарған. Оның тапқырлықтары мен жүрек жұтқан батырлығы туралы аңыз-әңгімелер ел арасында көп сақталған.

Сапура батыр (Көктемір)

Ресей патшалығында шаруалар қолын басуға шыққан орыс әскерлеріне қарсы күрестің аты аңызға айналған қолбасшысы. Әйел басыммен қол бастауға қымсынғандай, бір құпия тұлға «Көктемір» туралы аңызды таратады. Орыс әскерлері оның әйел екенін білмеген, тек «Көктемір» деп таныған. Олардың дерек көздерінде Пугачев көтерілісі кезінде қазақ даласында «ұстатпайтын ұстын», «көрінбейтін жан» деп аталған Сапура Мәтенқызы жұмбақ жағдайда өмірден өтеді.

Көктемір Сапура қыз туралы ғалым Е.Бекмаханов «Көрінбейтін адам туралы аңыз» атты зерттеу еңбегін жазған.

Жәндәлі қыз (18 ғасыр)

Қалмақ шапқыншылығы кезінде кейіннен Алтай-Тарбағатайды қытайлар иемденіп қалмақшы болғанда, ерлігімен, тапқырлығымен аты шыққан қыздардың бір – Жәндәлі. Оның руы – Найман. Жауынгерлер оның атын ұран еткен. Найман қызы Жәндәлі туралы Ноғайбай ақын былай деп жырлаған:

Гүлдідей жауқазынның нәзік жүзі,
Халқымыз ұмытқан жоқ асыл қызын.
Адамзаттың аққуы Жәндәлінің,
Жауға аттанған Сауырдың жатыр ізі.

А. ОРАЛҚЫЗЫ



ЖАНЫМДА ЖҮР – ЖАҚСЫ АДАМ!

Абай атамыз жақсы адамның кім екенін омыз сегізінші сөзінде былайша талдап берген. Ол үшін, оның Хауас сәлим деген ой-тұжырымына назар аударайық. Хауас сәлим – араб сөзі, оның қазақша мағынасы адамның өзіне тән болған дұрыс қасиеті, мінез-

нып табалдырығын аттадым. Жаңбырлы күні, қыста аязда бойым кішкентай болған соң әкем арқасына арқалап алатын. Қолымда сол баяғы кішкентай қара валетка. 2 сыныпта Шан-хамай ауылындағы орыс мектебіне ауыстым. Арасы 5-6 шақырым. Ол кезде автобус деген жоқ, Газ-51 деген машинамен апарып тастайды. Кейде, әсіресе көктемде стрижка, «сақпан» басталған кезде машина жетіспейді ғой, сол кезде біз мектептен жаяу қайтатынбыз. Ауылымызда орыс отбасылары аз болды, небәрі 2-3 отбасы. Әйтеуір бір жас ұстаз Александр Михайлович деген практикаға

өзіне тартқан кішкентай қызы әкесінің жолын қуып «ұстаз» болып жүр деп ел айту керек, болмайды мына оқуыңнан шық деді. Содан документімді алып, әкемнің жолын қуу үшін, оның өсиетін орындап Алматы қаласындағы Қыздар Педагогикалық Институтына тапсырып, оқуға түсіп кеттім, тарих факультетіне. ЖемПИ-де 5 жыл оқыдым. Сабақ біткен соң қыздар қыдырады, мен Пушкин кітапханасына барып сабаққа дайындалатынмын. Зачет, емтихан кезінде «автомат» алып кетем, яғни тез жақсы баға алдым. Шымкөттен, Манғыстаудан келген қыздарға көп көмектестім, олар орыс тілін нашар білетін. Кураторымыз Аманжолов Керейхан Рахымжонович деген үлкен кісі болды. Әй, осы кішкентай қыз, түбі сенен жақсы мұғалім шығады деп отыратын. Өнер тарихынан Бахтажар Мекшиев деген соғысқа қатысқан қарт ардагер ұстаз сабақ берді. Ол кісі айтатын, әй Саймасайдың қызы сен сабаққа жақсы дайындалып келесің, кейін осы институтпен тоқтап қалмашы, «қара қазанның құлы» болып кетпеші –дейтін. Сол кезде түсінбеппін осы сөздің астарын. Шынында тұрмысқа шыққаннан кейін мектепте жұмыс жасадым, бірақ мал бар, қойдың кезегін өзім бағамын, сиырдың қорасын өзім шығарамын, жемді

оқуға деген ынтасын қалай ояту керектігімен бөлістім. Мектеп директоры Ғалым деген кісі екен, риза болып естелікке кітап сыйлады. Бірінші бетіне былай деп жазыпты.

Гулнар Саймасайқызы

Ұстаз боп Сейфуллин мектебінде,
Үңілген тарихтың сол беттеріне.
Гулнарға білгір маман мың-бір алғыс,
Көрсеткен тәжірбиесін мектебimde.
Әдіскер Гулнар деген есіміңіз,
Жазылсын жылнаманың беттерінде.

2015 жылы Алматыда өңіраралық ғылыми-практикалық конференциясында өзінің «Қазақ хандығының рухани-мәдени даму жолы» тақырыбында еңбегін жинаққа енгіздім. Сол жылғы қазақ хандығының 550 жылдығы еді. Әкемнің қандық қасиеті, яғни домбырамен ойнау бірде-бір баласына дарымай, менің үлкен ұлым Әсеттің 2-ұлы Елжанға дарыпты. Күйші болып конкурстарға қатысады. Биылғы 2023 жылы Астана қаласында өткен «Ақ көгершін» атты байқауға қатысып Гран-при мен қоса алтын медалін мойнына тағып келді. Кәкімжан Елжан Әсетұлы 9-сынып оқушысы.

Адам баласының қоғамда бағалануы, дәріптелуі, ардақталуы – тікелей оның адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Егер ол айналасындағыларға қайырымды, адал болып, бүкіл қарымқатынастарында адамгершілік тұрғысынан реттейтін болса, нағыз адамгершілігі мол жан болып, қоғамдағы сыйлы бағасында, орнын да иемденеді. Жақсылық – адамның ойы, ниеті, іс-әрекеті. Жаман пиғылдардан аулақ болып, қай кезде болса да адамға қол ұшын беріп көмектесетін, жанашырлық танытатын адамды жақсы адам

дейміз. Жаны жайсаң, көңілі ашық, шәкірттердің ұлағатты ұлы ұстазы ретінде ел мәртебесін асқақтатып жүрген, сабырлы мінез, сырбаз қалпынан, қарапайымдылығынан айнымайтын, адамгершілігі мол, жүрген ортасына сыйлы, мейрімді де қайырымды, асау асуларды бағындырып, оны игі істерге бағыттай білген адам. Осы орайда Сүйінбай Аронұлының: Жақсы адам – елінің серкесіндей, Халқының қалың жүнді көрпесіндей. Жақсы болар баланың жүзі жылы, Орыстың күймей піскен бөлкесіндей. Жақсының айтқан сөзі тиянақты, Түйенің аумайтұғын өркешіндей, Жақсыға үлкен-кіші бәрі жақсы,

келсе керек, бізді мектепке барғанша, және қайтқанша орысша патриоттық әндер айтқызып қоятын. Содан тіліміз орысша сөйлеуге тез жаттығып кетті. Және сол кезде ауыл кітапханасынан орысша ертегі алып оқимыз, кітапханашы Саня Базарбаева колхоз бастығының әйелі, сондай ақылды кісі болатын, алған ертегілердің мазмұнын әңгімелетіп, түсінгенімізді айтқызып, онсыз келесі жолы ертегіні бермейтін. Жаздық үш айлық каникулға шыққанда әкем

күйеуім әкеп тастайды, есіктің алдына соны қара шелекпен өзім тастаймын. 1993 жылдары теңге шыққан кезде халықтың жағдайы қиындап кеткенде ауылдан осы Бақтыбайға ол кезде Крупское деп аталады көшіп келіп, Елтай ауылындағы Сейфуллин атындағы мектепке орналасып өзімнің бар білімімді оқушыларға үйрете бастадым. «Үяда не көресің», соны іперсің демекші, әкем сияқты ұлағатты ұстаз болуға тырысатынмын. Көптеген шәкірттер дайындап шығардым, облыстық, Республикалық жарыстарға қатысып, оқушыларымын қуанғанын көргенде, өзіме-өзім риза болдым. Қазір сол шәкірттерім Қазақстанның түкпір-түкпірінде, шет елдерде әр түрлі салада қызмет атқарып жүр. 1998-1999 жылы Талдықорған қаласында «СОРОС-ҚАЗАҚСТАН» қорының ұйымдастырумен «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» курсына мектеп атынан мені жіберді. Осы курста қатысқаным маған сабақ өткізуіме үлкен көмегін тигізді. Бұл технологияда әр шәкірттің жеке ерекшеліктері ескеріліп, шығармашылықпен жұмыс жасауыма мүмкіндік берді. 1999 жылдан бастап Республикалық ынталы мектептер ассоциациясының мүшесі болып мұғалім-жаттықтырушы атандым. Осыдан кейін аудан көлемінде, білім беру басқармасының нұсқауымен әр түрлі тақырыпта коучингтер, семинарлар өткізіп жаңа ақпараттық технологияның стратегияларын сабақта қай кезде қолдануға болатынын үйрете бастады. Аудан бойынша көшпелі семинарларға қатыстырып өз тәжірбиеммен бөлістім. Тіпті Көксу ауданы Еңбекші қазақ мектебіне де семинар өткізіп, жинақтаған іс тәжірбиеммен бөлісіп, оқушының ойын қалай дамыту керек,

құлқы. Бұл дұрыстыққа адам қалай жеткен дегенді Абай былайша түсіндірген. Адамның Хауас сәлим, яғни, жақсы адам ата-нуы үшін, оған алты шарт қажет, олар: жақсы тән саулығы, жақсы туыс, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаз. Міне, жақсы адам болу үшін қажетті шарттар. Бұл – жақсылықтың өлшемдері. Ал енді, Шәкәрім қойған сауал, «Ең жақсы адам не қылған кісі?» дегенге келсек, оған жауапты тағы да Абайдың өзінен табамыз. Абай айтады, жоғарыда айтылған қасиеттері болған соң, оның «аты адам болады», яғни, жақсы адам атанады. Бірақ ол қандай істерімен жақсы атанбақ, олар: «Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық...» (2-т., 190-б.). Жақсы адамның алдында үнемі осындай үш мәселе болмақ, солардың нәтижесінде оның адамдығы айқындалмақ, яғни, жақсы адам атанбақ. Абай атамыз атап өткен жақсы ұстаз-ұлт болашағы. Келешектің кемелі, ірге тасын ұстар-тұтқасы. Міне, бүгінгі мақалаға арқау болып отырған кейіпкер, даралығымен дараланып, Мемлекеттің ұлағатты ұстазының атағын алған, Отанға адал қызмет атқарған, Саймасай Батырдың батыр қызы –Гулнар Саймасайқызы. Мен бұл кісіні Ескелді аудандық білім бөлімі арқылы таныстым. Тарихшы мұғалім іздеп жүріп, тарихына үңілдім. Тарихы тым терең, дара ұстаз. Өмірінің барлық ізгі жолдарын ұстаздыққа арнаған, болашақты тәрбиелеген Гулнар Саймасайқызы бұрынғы Талдықорған облысы, Гвардия ауданы Шоқан ауылында 1959 жылы дүниеге келген.

«Бала кезімде 3-4 жасымда мектепке барамын деп жылдайды екенмін. Ол кезде портфель деген жоқ, кішкентай ғана қара «валетка»-қазіргіше чехмодан, үлкендігі 1-2 кітап сиятын, соны көтеріп алып, ішіне бауырларымының оқулықтарын салып алып «сабаққа барамын» деп, көшеге шығып кетіп қалады екенмін. Өзім кішкентай бойыммен валетканы сүйретіп мектепке кетіп бара жатқан жерімнен көршілер, болмаса әке-шешемнің таныстары, ауыл тұрғындары үйге алып келіп тастайды екен. Менен сұрайды екен, қайда барасын десе, мен сабаққа барамын дейді екем. Сонда бала кезімде періштем құлағыма сыбырлап тұрған ғой. 1956 жылы Шоқан ауылында 3 кластық орыс мектебі ашылып, 1 сы-



да қалықтаған жан. Бар ғұмырын ұстаздыққа арнаған Батырдың сынығы көктем мен жазы, қыруар күзі жас ұрпақты тәрбиелеуге арналған. «Ұстазым менің ұстазым, өзімнен өткен қыс, жазым» деген ыстық махаббат осындай ұлағатты ұстаздарға арналса керек. Бүгінде зейнетте болса да талмас қайсарлығымен еңбегін әлі де жалғастыруда. Балларды білім мен ғана өмірге деген қадамдарын нық басуларына да жол сілтеп отырған абзал жан. Шәкірттерге ғана емес өзінен кейінгі жас мамандар мен буындарға да дара жолынан тәжірбиесімен бөлісуде.

Көп жылғы еңбегінің жемісі мен жеңісін көру – ол да бір ғанибет. Өзі білім берген көптеген шәкірттері бұл күнде еліміздің әр түкпірінде еңбек етіп, ел құрметіне бөленуде. Ұстаз еңбегі шәкіртімен бағаланатыны аян. Гулнар Саймасайқызының да шәкірттері осындай тамаша жетістіктер көрсетті. Халықаралық, Республикалық, Облыстық, Ауданаралық, ауыларалық жарыстардан жүлделі бас жүлде мен бірінші орындарға иеленген.

Өнегелі де ардақты жан Бұхпантаева Гулнар Саймасайқызы – үлгілі отбасының қамқоршысы, Отанасы. Ұлдарын ұяға қондырған батыр ана, асыл әже! Білім беру саласында жыл тынбай еңбек еткен жайдары да жайсаң ұстазға біз ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат пен амандық тілейміз. Қорыта айтқанда, шарапатынан халқына шашу шашып, шәкірт тәрбиелеу жолында еңбек етуге бүкіл саналы ғұмырын арнаған ұстаздың қай тілеуі де хақ. Өз келешегіне өз қолымен жол салып, адал еңбегімен жете алған біртуар қазақ перзентінің өмір жолы мен өнегесі кейінгі жеткіншіктерге адалдырмас шамшырақтай бағдар болары сөзсіз.

«Жақсы адам – Алланың нұры» дейді. Бірінші байлығым – халқым деп білген, ойы биік, сөзі де, ісі де ірі, жаны мен қолы бірдей таза, кішілік пен кісіліктен жаралған, періште пейілді, тұғыры биік тұлғаға денсаулық, ұзақ өмір тілейміз.

Арай ӘДІЛ



БІЗДІҢ ҒАСЫРЫМЫЗДЫҢ БАСТЫ ДЕРТІ - НАШАҚОРЛЫҚ



шектеледі, қарның тоқ па, көйлегің көк пе дегендей. Баламен әңгімелесуге, оны не толғандырып жүргенін, оның ортасы қандай, достары кім екенін білуге, жас өспірімнің бос уақытын қайда, қалай, кіммен өткізетіндігін білуге, сырласуға уақыт таппаймыз. Көбінесе ауқатты отбасының балалары қарны тоқтықтан, істейтін іс жоқ болғандықтан нашақорлыққа, есірткі сатушыларға қосылғанын байқамайды да. Осы орайда «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» деген Ұлы Абайдың орынды тауып айтқан өлең шумағы есіңізге түседі.

Жас кезінде адам қызықшы келетіндіктен қызық көріп, біреулері есірткі дәмін татып көруден бастап, ал екінші біреулері, біреулердің мәжбүрлеуімен нашақор болып кеткендер бар. Есірткіні таратушылар қызық көріп жүрген жастарды, «Инемен салмасаң болды» нашақор емессің, ал біз іскейміз, одан нашақор болмаймыз деп алдауы да мүмкін. Ал шындығында, жас организм есірткінің дәмін бір рет татқан соң тәуелді болып шыға келеді. Біз бала тәрбиесін мектепке қарай ысырып қойғанбыз, содан кейін сол мектепті кінәлаймыз. Бұл үлкен қателік екендігін, қайта біз мектептің және мұғалімнің беделін, мәртебесін көтеруге ықпал етуіміз керек. Біз бала тәрбиесін уыстан шағарып алдық. Өз ара ұғыну психологиясы ескерілуден қалып бара жатқандығын, от басында ата-ана мен бала бір-біріне суық, рухани адамгершілік тұрғысында отбасында дағдарыс қалыптасты. Бірақ бұл дағдарысты көпшілік сезіне бермейді, өйткені әркім өз кемшілігін өзі көре алмайды, түзей алмайды. Отбасындағы дағдарыс қоғамдық деңгейге қалықтап шықты, осыдан келіп өз арамызда нашақорлар мен арақшумарлар саны арта түсті. Бізде, «бала ертең-ақ өседі, ненің жақсы, ненің жаман екенін өсе келе өзі де біліп алады» деген қате ұғым бар. Психолог-дәрігерлер: «отбасында бала ішімдік, темекі, есірткі сияқты естен айыратын эээзіл туралы ерте бастан естігені дұрыс екендігін, бала жаман әдет туралы ерте білсе, соғұрлым тез жиренетіндігін, одан бойын аулақ ұстайтындығын ескертеді.

Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ

АВТОКӨЛІКТЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Автокөліктегі өрттердің негізгі себептері өрт техникалық ақауы және қозғалтқыш бөлігіндегі электр сымдарының қысқа тұйықталуы болып табылады, сол себепті автокөлік жүргізушілеріне көліктегі электр сымдарына назар аудару маңызды екенін ескерген жөн. Көліктегі өртті болдырмауға және өрт туындауы қаупін төмендетуге болады. Ол үшін жүргізушілер автокөлікті уақытында техникалық тексеруден өткізуі және техникалық жай-күйін бақылап отыруы қажет. Ең алдымен әрбір автомобильде ақаусыз өрт сөндіргіш болуы керек. Қажет болған жағдайда, өрт ошағын барынша тез және қысқа мерзімде сөндіруге кірісу үшін, өрт сөндіргіш оңай қол жетімді жерде болуы тиіс. Өрт сөндіргіш қозғалыс кезінде жүргізушінің көлік құралын басқарудан алаңдана алмайтыны. Осы қарапайым шарттардың кез келген бұзылуы құрылғыны ауыстыру үшін себеп болып табылады. Сонымен қатар, өрт сөндіргіштің автокөліктің ішінде орналасуы қажеттігін ұмытпау керек. Баллонды жүк салғышқа лақтыра салудың қажеті жоқ. Өрт сөндіргішіті салонға бекітіңіз, алайда қауіп туындаған жағдайда оған оңай жету үшін, тым алысқа орналастырмаңыз. Өрт сөндіргішті пайдалану жөніндегі нұсқаулықты елемеге болмайды. Төтенше жағдайға дейін бірнеше минут бөліп пайдалану ережелерін оқу және есте сақтау керек. Жану белгілері – түтін, жалын немесе бір түрлі иістер байқалса, автомобильді дереу тоқтатып, электр тізбегін бұзыңыз. Денсаулығына және өміріне зиян келтірмеу үшін, барлық жолаушылар көлік құралын тастап кетуге тиіс. Олардың міндеті – айналадағы жүргізушілердің назарын аудару.

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданының ТЖБ инженері
азаматтық қорғау аға лейтенанты

ПАЦИЕНТТЕР ЕМХАНАҒА БАРҒАНДА ЖИИ КЕЗДЕ СЕТИП 10 ЖАҒДАЙ



Емханаға жүгінгенде келеңсіз жағдайлар қаншалықты жиі орын алады және олардың көбін сол жерде шешуге болатынын білесіз бе? Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Заңды және жеке тұлғалармен жұмыс департаментінің директоры Забира Оразалиева мәселе шешілмесе не істеу керектігін және пациенттер жиі қандай жағдайларға тап болатынын айтып берді.

1-ЖАҒДАЙ

МӘМС жүйесіндегі мәртебеңіз «Сақтандырылған», бірақ емханада сізге сақтандырылмағаныңыз дейді. Осы кезде уайымға салынбау керек. Техникалық ақау орын алып жатады немесе сіздің мәртебеңіз туралы мәліметтер емхананың медициналық ақпараттық жүйесінде жаңартылмаған болуы мүмкін.

Осындай жағдайда не істеу керек?
-Қордың ресми ресурстарының бірі - Telegram-дағы @Saqtandyrybot, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасын ашыңыз немесе eGov.kz-тегі жеке кабинетке кіріңіз
-Өз ЖСН-іңізді теріңіз
-ӘМС жүйесіне соңғы 12 айда төленген жарналардың көшірмесін аласыз

Егер барлық төлемдер болыса, сіздің мәртебеңіз «сақтандырылған» болса, Пациенттерді қолдау қызметіне хабарласыңыз. Қолыңызда болған жағдайда, төлем түбіртектерін көрсетуге болады. Сондай-ақ, мәртебені тексеру үшін 1414 Бірыңғай байланыс орталығына жүгіне аласыз.

Егер соңғы 1 жылда төленбеген кезеңдер болса, мәртебеңізді қалпына келтіру үшін өткізіп алған барлық айларға жарналарды төлеңіз. Жарналар бойынша берешек төленгеннен кейін мәртебе 3 жұмыс күні ішінде жаңартылады. Яғни дәрігердің қабылдауына бірден жазыла алмайсыз, қабылдауды басқа күнге ауыстыру қажет.

2-ЖАҒДАЙ

Сіз сақтандырылғансыз және МӘМС жарналары үзбей төлейсіз, бірақ сізге бейінді мамандардың қабылдауына және/немесе тексерулерге жолдамалар берілмейді.

Не істеу керек?
Бұл жолдаманы алу үшін сізде медициналық көрсеткіш болмауы мүмкін. Дәрігер пациентті консультациялық-диагностикалық қызметтерге жіберу туралы шешімді диагноз белгілері негізінде және клиникалық хаттамаларды ескере отырып қабылдайды.

Егер сізде медициналық көрсеткіштер бола тұра жолдама берілмесе, емханадағы Пациенттерді қолдау қызметіне жүгініңіз. Егер жағдай шешілмесе, сіз 1414 нөміріне қоңырау шалып, шағым қалдыра аласыз.

3-ЖАҒДАЙ

Сізге тексерілуге немесе бейінді маманның кеңесіне жолдама берілді, бірақ жақын арада ол жерге жазылу мүмкін емес. Нәтижесінде күте тұруыңызды сұрайды.

Не істеу керек?
Бұрын пациенттер өзінің тіркелген емханаларында ғана медициналық қызмет ала алатын немесе белгілі бір диагностикалық

орталықта қымбат тексеруден өту үшін квотаны күтетін. Қазір емханада жоспарлы медициналық көмекті екі апта ішінде ұсына алмаса, пациентті қажетті консультациялық-диагностикалық көмек алу үшін бірлесіп орындау шарты бойынша жұмыс істейтін басқа медициналық ұйымға жолдамамен жіберуі тиіс.

Егер дәрігер жолдама беруден бас тартса, Пациенттерді қолдау қызметіне немесе бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасарына жүгіну керек. Мәселені сол жерде шешу мүмкін болмаса Медициналық сақтандыру қорының ресми кері байланыс арналары Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, 1414 бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы немесе fms.kz сайтының «сұраныс жіберу» бөлімінде етініш қалдыра аласыз.

4-ЖАҒДАЙ

Сізге тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі немесе МӘМС пакетінде көзделген медициналық қызметтер үшін ақы төлеңіз дейді. Мысалы, КТ/МРТ нәтижелері жазылған диск пен пленканы сатып алуды және алдағы айға жазыла алмауына байланысты ақылы негізде ультрадыбыстық тексеруден өтуді және т. б. сұрайды.

Не істеу керек?
Мұндай жағдайларда бірден Пациенттерді қолдау қызметіне немесе бас дәрігердің емдеу бөлімі бойынша орынбасарына жүгініп, не себепті медициналық қызмет көрсетуден бас тартқанын сұрау қажет. Егер мәселе шешілмесе, Сіз Қорғау шағым жіберіп, ресми жауап күте аласыз. Өдетте бұл мәселенің күрделілігіне және жоспардан тыс мониторинг жүргізу қажеттілігіне байланысты 1-ден 5 жұмыс күніне дейін созылады.

Егер сіз төлем жасап қойсаңыз, ақылы қызметтерді алуға келіскендігіңізді білдіреді. Сондықтан сіз қаражатыңызды қайтара алмайсыз. Бұндай жағдайда медициналық ұйымға тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізуге және алда осындай келеңсіздіктерге жол бермеу үшін Қорғау хабарласу керек.

5-ЖАҒДАЙ

Медициналық қызметтерге бөлінген қаражат лимиті таусылды, келесі айда келіңіз. Сіз осындай сипаттағы медициналық көмектен бас тарту жағдайына қаншалықты жиі ұшырайсыз?

Медициналық көмекке лимит жоқ. Егер тексеруден өтуге немесе бейінді маманның консультациясын алуға медициналық көрсеткіштер болса, сіздің учаскелік дәрігеріңіз өз емханаңыздың мамандарына жолдама беруі немесе бірлесіп орындау шарты бойынша басқа медициналық ұйымға жолдамамен жіберуі тиіс.

6-ЖАҒДАЙ

Сіз емханаға қатты ауырып бардыңыз делік. Созылмалы аурудың өршуімен, жарақатпен немесе ЖРВИ белгілерімен жүгінсеңіз де, МӘМС жүйесінде мәртебеңіздің жоқ деп сізге медициналық көмек көрсетуден бас тартады.

Мұндай жағдайда не істеу керек?
Алғашқы шұғыл медициналық көмек қажет болған кезде пациенттің тіркелген медициналық ұйымның орналасқан жері

де, МӘМС жүйесіндегі сақтандырылған мәртебесі де маңызды емес. Пациент жақын жердегі емхананың филітер кабинетіне жүгіне алады немесе жедел медициналық көмек бригадасын үйге шақыра алады. Сондай-ақ, жақын жердегі ургентті клиниканың травматологиялық пунктіне немесе қабылдау бөлмесіне бара алады. Мұндай клиникалар туралы ақпаратты 103 нөміріне қоңырау шалып сұрап алуға болады.

7-ЖАҒДАЙ

Сіз әлеуметтік маңызы бар немесе созылмалы аурумен Д есепте тұрсыз, бірақ сақтандырылған мәртебеңіздің жоқтығына байланысты олар сізді қараудан және басқа салалық мамандардың кеңесіне жіберуден бас тартады.

Мұндай жағдайда не істеу керек?
Д-есепте тұрған созылмалы немесе әлеуметтік маңызы бар аурулары бар пациенттер мәртебесінің бар-жоғына қарамастан, ауру түрі және клиникалық хаттаманың ұсынымдарына сәйкес тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, барлық қажетті медициналық көмекті ала алады.

Басқа жағдайлар мен аурулар бойынша жоспарлы медициналық көмек алу үшін сақтандырылған мәртебесінің болуы қажет.

Егер сіз Д-есепте тұрмасаңыз, тексерулерден өтіп, диагнозды бейінді мамандармен растау үшін мәртебе керек болады. Барлық жоспарлы консультациялық-диагностикалық көмек МӘМС есебінен көрсетіледі.

8-ЖАҒДАЙ

Дәрігер сізге «Сақтандырылған» мәртебесі керек екенін және бұл үшін 2020 жылдан бастап МӘМС жарналарын төлеу қажет деп айтты.

Не істеу керек?
Сақтандырылған мәртебесін алу үшін алдағы 12 айға немесе тұрақты төлем жасамаған болсаңыз, соңғы бір жылдағы берешек айларға төлем жасап шығу керек. Айта кету керек, егер МӘМС жарналарын бұрын-соңды төлемеген болсаңыз, өткен жылғы қарызды төлеуіңізге болады. Оның орнына, ағымдағы айды қоса алғанда, алдағы 12 айға жарналарды төлеген абзал. Мәртебе 3 жұмыс күні ішінде беріледі.

9-ЖАҒДАЙ

Сақтандырылған мәртебесінің жоқтығына байланысты сізге скринингтер жасаудан бас тартады.

Не істеу керек?
Кейбір онкологиялық ауруларды ерте анықтау мақсатында скринингтен өту үшін сізде сақтандырылған мәртебесі болу керек. Бірақ 30-70 жас аралығындағы сақтандырылмаған пациенттер үшін скринингтік тексерулер бар. Оған Маклаков көзішілік қысымды өлшеу немесе байланыс сөз пневмотонометрия бойынша, жалпы холестерин мен глюкозаны анықтау, ЭКГ, сонымен қатар нәтижелерді түсіндіру үшін терапевтің қабылдауы кіреді.

10-ЖАҒДАЙ

Сіз МӘМС жарналарын мемлекет төлейтін азаматтардың жеңілдетілген санатына кіресіз, бірақ жүйеде сізге мәртебе берілмеген.

Не істеу керек?
Жеңілдік мәртебесі азаматтарды тиісті реестрлер мен базаларға енгізу негізінде беріледі. Мұның бәрі телеушінің санатына байланысты. Мысалы, күндізгі бөлімде оқитын студенттерді Ұлттық білім беру базасына, ал жүкті әйелдер жүкті және фертильді жастағы әйелдер тізіліміне қосылуы керек. Егер пациенттің деректері тиісті базаларда болмаса және Қор мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен мәлімет алмаса, онда олар жеңілдік санатына кіре алмайды. Мұндай жағдайда студенттер өздерінің оқу орнының деканатына жүгінуі тиіс, ал әйелдер жүктілік бойынша есепке тұруы керек.

Егер сізде қосымша сұрақтар туындаса немесе ескеңі-тесеңілі кеңес қажет болса, 1414 бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалыңыз.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАН ӨТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ӨЗГЕРДІ



Енді заң бұзушылықтар мен жалған тексеру белгелерін анықтаған техникалық байқаудың диагностикалық карталары жойылды. Диагностикалық картадан бас тарту кезінде автокөлік иесіне 1414 нөміріне техникалық байқаудан қайта өту қажеттілігі туралы SMS хабарлама келеді.

Диагностикалық картаның күшін жоюды «Міндетті техникалық қарап-тексеру» бірыңғай ақпараттық жүйесінің Операторы және жұмыс тобы жүйеге келіп түсетін деректердің мониторингі кезінде жүзеге асырады. Аталмыш өзгерістер көлік құралын міндетті техникалық байқаудан өткізуді ұйымдастыру және өткізу қағидаларына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты орын алды.

Диагностикалық карта – техникалық байқаудан өткенін растайтын құжат, онсыз автомобиль елде жүре алмайды. Картаны міндетті техникалық байқаудан өту ережелеріне сәйкес техникалық байқау орталықтары (операторлар) береді.

«Жыл сайын біз жалған техникалық байқаудан анықталған операторлардың жұмысын тоқтатамыз. Тек 2021 жылдың өзінде 249 орталық иесінің жүйеге қол жеткізу тоқтатылды, ал 2022 жылы бұл көрсеткіш 168-ге дейін төмендеді. Техникалық байқаудан өту ережелерін бұзған жағдайда тексеру орталықтарының иелері ғана емес, сонымен қатар көлік иесінің өзі де жауапты. Біз жалған техникалық байқаудан өтуді ұсынбаймыз, себебі қазір техникалық байқау станциясында жұмыс істеуге рұқсаттың күші жой-

ылып қана қоймай, сол ұйым берген барлық тексеру деректері де жолады», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин.

Айта кету керек, техникалық байқаудан өту ережелеріне сәйкес, жаңа автокөліктердің иелері 7 жыл бойы техникалық байқаудан өте алмайды, қалғандарды көлікті келесі кезеңділікпен техникалық байқау орталықтарында тексеруге міндетті:

- 1) әрбір 12 ай сайын – шығарылған жылын қоса алғанда, жасы 7 жылдан асатын, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын М1 санаттары, N1-3, O1-4, L1-7, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған және жабдықталғандарды қоспағанда, арнайы және мамандандырылған көлік құралдары;
- 2) әрбір 6 ай сайын-автомобиль көлігі саласында кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын М1 санаттары, M2, M3, N, адамдарды тасымалдау үшін жабдықталған, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған және жабдықталған M1, N1-3, және O1-4 санаттары.

Техникалық байқаудан өтпегені үшін әкімшілік айыппұл - 5 АЕК (2023 жылы 17 250 теңге).

Айта кетейік, «ҰАТ» АҚ ҚР Үкіметінің қаулысымен «Міндетті техникалық қарап-тексеру» бірыңғай ақпараттық жүйесінің Операторы болып белгіленді. Сондай-ақ, Үкіметтің қаулысымен «Міндетті техникалық қарап-тексеру» бірыңғай ақпараттық жүйесі ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің тізбесіне енгізілген.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

ОСТОРОЖНО: ИНТЕРНЕТ МОШЕННИКІ



С момента образования области Жетісу зарегистрировано 291 фактов интернет мошенничества, что составляет 1,1% от общего количества мошенничества, зарегистрированных на территории Республики (9 545).

291 фактов интернет мошенничества в разбивке по регионам: г.Талдықорған-235, г.Текели - 11, Аксуский - 1, Алакольский - 5, Ескедінский - 9, Кербұлақский - 2, Коксуский - 3, Каратальский - 13, Панфиловский - 10, Саркандский - 2.

В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов.

Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляются высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управление полиции г.Талдықорған расследуется досудебное расследование по заявлению гр. А. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и

завладению ими.

Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов : «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети : «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «В контакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателей.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры направленные на предотвращение совершения данного вида преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и

придерживаться основных мер предосторожности.

Основные рекомендации МВД:

1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям работников банков или правоохранительным органам об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета, либо оформлении займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.
2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и ключевые слова даже лицам, представляющим себя сотрудниками банка, полиции и т.д.
3. Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой.
4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.
5. Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.
6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться с СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.
7. Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками
8. Чаще проверять движение денег на своих счетах.

А НҰРТЕЛЕУ,
Старший прокурор формирования правовой информации в уголовной сфере Управления Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по области Жетісу

АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 291 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 9 545 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 1,1% құрайды.

291 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы - 235, Текелі қаласы - 11, Ақсу - 1, Алакөл - 5, Ескедін - 9, Кербұлақ - 2, Көксу - 3, Қаратал - 13, Панфилов - 10, Сарқан - 2. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайтына пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкіті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескер-

ту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкіті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа кездерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келуі мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Мади ХАЙРБАЕВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры

ЕГІНДЕРДЕГІ ӨРТТЕР



Астық алқабы - өрт шығу қауіпі жоғары аумақтың бірі. Дәнді дақылдар, өсімдіктер, шөптер - бәрі де құрғақ ыстықта өрт шығу қауіпін үдетеді.

Астық алқабы өртенсе, өрт қысқа уақыт ішінде үлкейіп, жайылып кетеді. Әсіресе желді күні өрт бүкіл астық алқаптарына тез арада таралды. Сондықтан астық алқабын өрттен сақтау үшін төмендегі аталған шараларды қолдану керек:

- астық жинау кезеңі басталмас бұрын, оған жұмылдырылған барлық тұлғаларға өртке қарсы нұсқаулықтан өту қажет;
- өрт кезінде өрт сөндіру бөлімшелерін шақыру тәртібін белгілеу;
- астық жинау алқабында

күні-түні кезекшілік қою;

-масақты егін пісер алдында олардың орман алқаптарына, дала жолағына, автомобиль жолдарға іргелес жерлерінде ені кемінде 4 метр жолақ шабылып және жыртылуы қажет;

- а с т ы қ алқаптарының алаңы кемінде 50 гектар учаскелерге бөлуі қажет.

Өрт сөндіру шаралары жан-жақты алдын ала дайындалуы тиіс. Өрт кезінде техниканы, малдарды қауіпсіз жерге көшіру қамтамасыз етілуі тиіс. Өрт сөндіруге жауапты адам әкімшіліктерге өрт сөндіру барысы туралы үзбей хабарлама беріп тұруы тиіс. Дер кезінде істелген шаралар сіздің денсаулығыңыздың, тыныштығыңыздың кепілі бола алады, мемлект және халық мүлкін апаттан қорғап қалады.

Өрт туындағын кезде өрт сөндіру қызметіне «101» үй телефоны немесе ұялы телефонымен қонырау шалыңыз
Қ. ӘШІМОВ,
ТЖБ инженері

ЕСКЕРІЛМЕГЕН, ЕЛЕНБЕГЕН ҚАЗАҚ БАТЫРЫ



Сарбасов Қарсыбай 1923 жылы дүниеге келген. Алматы облысы Талдықорған ауданында. Төленғұт ауылдық округінде колхоз Қрасный октябрь. 1947 жылы Сарбасова Сағымбала екеуі от басың құрады. Сарбасова Сағымбала 1930 жылы дүниеге келген. Сағымбала анамыз 12 курсқа көтерген. Қазіргі таңда 9 баласы аман-есен. 2 ұл 7 қыз. От басымен атап өткен колхозда еңбек еткен мал шаруашылығында.

жауынгерлік ерліктері туралы қысқаша, нақты түйіндеме. 1945 жылдың 20 қаңтары мен 5 ақпаны аралығында Польша мен Германия территориясындағы шабуылдаушы ұрыстарда ерлік пен ерлік көрсетті. Глинцы селосы үшін болған ұрыстарда Сарбасов Қарсыбай жолдас қоян-қолтық ұрыста елді мекенге басып кіріп, 4-ке дейін неміс солдатын жойып, сол арқылы атқшылар ротасының елді мекенге ілгері жылжуын қамтамасыз етті, сөйтіп елді мекенді алды. 1945 жылы 24

қаңтарда Сарбасов Қарсыбай жолдас жаудың 2 қарсы шабуылын тойтаруға қатысып, 10-ға дейін неміс солдаты мен офицерін жойды. 1945 жылы 18 сәуірде Сарбасов Қарсыбай оқ-дәрілері бар машинамен атыс орнына дейін барды, неміс автоматшылары жолды кесіп тастады. Жүргізуші ату позициясын бұзып өтуге шешім қабылдады. Сарбасовтың Қарсыбай автокөлік үстінде түріп пулеметтен оқ жаудырып, жаудың екі солдатын өлтіреді. 1945 жылы 6 мамырда Гросс-Тимиг ауданында жаудың ауыр артиллериялық оғы астында гаубицаға снарядтар әкеліп, оны оқтады, бұл тапсырманың орындалуын қамтамасыз етті. Жаудың 25-ке дейін солдаты қаза тауып, жараланды, бір пулемет нүктесі басылды. Сарбасов Қарсыбай екі рет жараланып, 1945 жылы жеңіл, 1943 жылы ауыр жараланды. 1942 жылдан Қызыл Армия қатарында комсомол мүшесі, 1942 жылдың қыркүйегінен бастап әрекеттегі армия қатарында. 1943 жылы «Қызыл Жұлдыз» орденімен, 27.01.1945 жылы Сталин жолдасының алғысымен марапатталған. Әкеміз 1976 жылы бұл өмірден озды. Соғыс туралы не болғанын айтып берші дегенде, ол соғыс туралы айтпандарда және соғыс ойын ойнамандар дейтін.

Қызы: Гүлжахан ТАЛДЫБАЕВА

БІЛГЕН ДҰРЫС



Жаз мезгілі шуақты күнімен, жайқалып өскен гүлімен, асыр салып ойнаған балаларымен есте қалады. Айналаңызға көз салсаңыз, бояуы қанық табиғат суреттері өзіне тамсандыра түседі. Ең бастысы, барлығымыз сүйіп жейтін жеміс-жидектер піседі. Әдетте күнделікті тұтынатын тағамдарымыздың қаншалықты пайдалы екеніне мән бермейміз. Сол себепті ең дәмді жеміс — қарбыздың адам денсаулығына пайдасы туралы жазуды жөн көрдік.

Қарбыз ми белсенділігін арттырады. Үлкен жемістің құрамында ақыл-парасат деңгейінің көтерілуіне әсер ететін В6 дәрумені бар. Әсіресе қоршаған ортаға тәуелді балалар үшін пайдасы мол.

Адамның миында қанша сұйықтық болса, қарбызда да сол мөлшерде су бар. Әдетте қарбыз суы адам миындағы сұйықтық концентрациясына тең болғандықтан, денсаулығы үшін өте пайдалы деп есептеледі. Алайда бұл айтарлықтай маңызды емес. Су қашан да артықтық етпейді

Қарбыздың құрамындағы ликопин мөлшері қызанақпен салыстырғанда 1,5 есе көп. Ликопин дегеніміз – ағзадан қауіпті заттарды сыртқа шығаратын күшті антиоксидант. Сондықтан қызанаққа қарағанда, қарбызды тұтыну 1,5 есе пайдалы болмақ. Қарапайым логика. Мұны қарбыздың дәретханаға жүгірткізетінінен-ақ байқауға болады.

Ультракүлгін сәулелен қорғайды. Қарбыздың құрамында ликопиннен өзге каротиноидтар да бар. Аталған зат адам терісін күн сәулесінен қорғайды. Осы пайдасын ескеріп, оны теріге жағудың қажеті жоқ. Әйтпесе ара мен шыбын-шіркейдің жеміне айналып жүрерсіз.

Қарбыз әртүрлі болады. Қазақстанның көз келген тұрғынынан сұрайтын болсаңыз, «Тәтті қарбыздың сырты жасыл, іші қызыл болады» деп жауап береді. Алайда оның сіз бен біз білмейтін сары сорты бар. Сырты жасыл болғанымен, іші піскен ананас секілді сап-сары.

Сыртқы пішініне қарай да түрлі болып келеді: дөңгелек, сопақ, пирамидаға ұқсас, төртбұрыш. 2012-2013 жылдары көршілес Ресей еліне жапондық төртбұрышты қарбыздар алып келген болатын. Олардың біреуісінің бағасы 12 000-20 000 рубльді құраған. Бағасының қымбат екеніне қарамастан барлығы да сатылған.

Қарбыз көзге пайдалы. Оның құрамында адамның көру мүшесінің жұмысын жақсартатын А дәрумені бар. Көзіңіздің сау болғанын қаласаңыз, күнделікті 100 грамм қарбыз жеңіз.

Мансап жолын жаңадан бастап жатқан спортшылар үшін пайдалы. Кез келген істі бастау қиын. Әдетте бірінші күні көп жаттығамыз деп артынша бірнеше күн бойы ауырып жатамыз. Қарбыздың құрамындағы цитруллин ауырсынуды басады. Бірақ жаттығу соңында ғана жегеніңіз абзал.

Ең дәмді диета. Таңғажайып оқиғалар жүзеге асады деп айта алмаймыз. Алайда 2-3 артық келі салмақтан арылуға көмектесетіні анық.

Қ. БҮЙЕНБАЙ

ЖЕР ТУРАЛЫ СІЗ БІЛМЕЙТІН ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР



Бізді қоршаған орта, біздің өмір сүріп жатқан планетамыз – Жер.

Күн жүйесіндегі бізден басқа барлық планеталардың атауы ежелгі антика дәуіріндегі құдайлардың құрметіне қойылған.

Жер Күн жүйесіндегі ең тығыз қабат. Оның тығыздығы – 5,515г/см3.

Жер шеңбер тәрізді емес. Ол сопақша келген.

Жер бетінің 72 пайызын су алып жатыр.

Жер бірнеше қабаттардан тұрады: атмосфера, литосфера, гидросфера және бәрін біріктіруші – биосфера.

Жердің атмосферасы 78 % азоттан, 21% кислородтан және 1% басқа газдардан тұрады.

Бұл қабаттар жерді түрлі радиактивті қауіптен құтқарады. Жердің жоғары қабатын күніне 100 тонна тартатын түрлі метеориттер жанап өтеді.

Жердің литосферасы қабаты үнемі қозғалыста болады. Соның қозғалыс есерінен түрлі қақтығыс кезінде жердің тектоникалық плиталары ажырап, жел сіпкінісі орын алады.

Жер бетіндегі ең үлкен мұхит – Тынық мұхиты. Оның аумағы жер бетіндегі құрлықтан да үлкен. 169 100 000 км. Тіпті қалған үш мұхит осы мұхиттың көлеміне сиып кете алады.

Аңызға сүйенсек, Жер шарында тек бір-ақ құрлық болған және болашақта да бұл географиялық түзілу қайта орын алуы ғажап емес.

Жер бетіндегі ең биік шығы – Эверест, ең тереңі – Мариан шұңғымасы. Тарихта Мариан шұңғымасында 2-ақ адам болып көрген.

Ай жердің қалтықсыз бірден-бір серігі.

Жер бетіндегі судың 3% ғана тұщы су. Қалғаны жер асты сулары мен теңіздер, көлдер, мұхиттар, өзендер.

Жердің қазіргі орналасу аймағы дәлме-дәл көрсеткіш. Егер жер Күннен сәл ғана алыс немесе жақын орналасқан кезде тіршіліктің өмір сүруі мүмкін емес еді.

Жердегі қажеттіліктің 99% мұхиттан алынады.

Тиктоникалық қабат тек Жер планетасына ғана тәуелді.

Алтынның 99 % жердің ядро қабатында орналасқан.

Адамзат үшін жер бетіндегі 145-ақ тіршіліктің атауы мен түрі белгілі.

ЖШ АҚПАРАТ

АРАЙ БІЛІМ – ҚАРАБҰЛАҚ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

1,2,3,4-сынып оқушыларына арналған курстар:

- ✓ үй тапсырмасын орындауға көмектесуі
- ✓ сабақ үлгеріміне көмектесуі
- ✓ арнайы жазуға үйретуі
- ✓ ағылшын тілін үйретуі
- ✓ логикалық ойлауға дағдылуы
- ✓ жылдан оқуға дайындауы

5,6-сынып оқушыларына арналған курстар:

- ✓ Қазақ тіліндегі лексикалық ентелепалық дайындау
- ✓ Назарбаев дикторлық мектептерінің ентелепалық дайындауы
- ✓ Математика және логика курстары
- ✓ Ағылшын тілі курстары

7,8,9 сынып оқушыларына арналған курстар:

- ✓ Білім бағдарына атқару, оқушының өзінің оқу бағдарына дайындау
- ✓ Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқуға дайындау
- ✓ Тапсырманың негізгі көмектесуі
- ✓ Мектептегі және сырттай бағалау сабақтарына дайындау
- ✓ Арай Білім Бүкіл мектептерінің ентелепалық дайындауы

10,11-сынып оқушыларына арналған курстар:

- ✓ Мектеп білімі ентелепалық дайындау
- ✓ ЖОО-ға түсу ентелепалық дайындауы
- ✓ Мектептегі тапсырманың көмектесуі
- ✓ Кез келген тапсырманың көмектесуі

АРАЙ БІЛІМ
ҚАРАБҰЛАҚ

- МЕКТЕП АЛДЫ ДАЯР-ЛЫҚ
- БАСТАУЫШ СЫНЫП.
- ТЖБ, БЖБ.
- КӨРКЕМ ЖАЗУ
- АҒЫЛШЫН ТІЛІ
- ОРЫС ТІЛІ
- ҰБТ-ға ДАЙЫНДЫҚ
- НЗМ, КТЛ,
- 20, 24 ЛИЦЕЙГЕ
- ДАЯРЛАУ

Біздің мекен-жайымыз:
Қарабұлақ а.
Баллық би көшесі 109
Телефон: 87474287029,
87057431326 (WhatsApp)
arailbilimkarabulak
(инстаграмм)

НАВАРЛАНДЫРУ

Құрметті Төлеңгіт ауылдық округі тұрғындарына назарына!!!

Төлеңгіт ауылдық округінің тұрғындары мен қонақтары 2023 жылғы суға шомылу маусымы кезеңінде судағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақталуын сұраймыз. Атап айтсақ: тек жабдықталған жағажайларда және ресми рұқсаты мен құтқару қызметі бар суға шомылуға арналған орындарда шомылыңыз. Әсіресе, Қусақ өзендерінің және Төре-тоған каналдарының жағалауларына балаларыңызды жалғыз жібермеңіздер, қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, біз баға жетпес өмірімізді сақтаймыз.

А. АБЫЛКАСЫМОВ,
«Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты ММ»-сінің бас маманы.

Уважаемые жители!

ГКП на ПХВ «Ескелді су құбыры» объявляет, бюджет рассмотрение заявок на утверждение тарифа и тарифной сметы что 27 июля 2023 года по селам в сельских акиматах: Өркүсак - 9.00, Тенлік - 10.00, Кайнарлы - 11.00, Кекжазык - 12.00, Теректы - 14.00, Байысов - 15.00, Бахтыбай-Ельтай-Отенай - 16.00, Шымыр - 17.00 часов. Карабулак - 28 июля 2023 г. Ешкіөлмес 10-00. Приглашаются потребители водоснабжения ГКП на ПХВ «Ескелді су құбыры» и все заинтересованные лица.

ЕСКЕРТУ!

Құрметті Қаратал ауылдық округінің тұрғындары мен қонақтары балаларыңызды қараусыз Қаратал өзені, ГЭС каналдары және Теректі өзендеріне суға шомылуға жібермеулеріңізді сұраймыз. Айттып келмейтін тілсіз жаудың бірі су екендігін, суға шомылу кезінде сақтық шараларын қатаң сақтау керек екендігін ұмытпаңыз! Ағысы қатты сулар балаларыңыздың өміріне қауіп туғызуы мүмкін. Қаратал өзенінің жағалауын, каналдарды тексеру кезінде ұсталған балардың ата-аналары өкімшілік жауапкершілікке тартылатынын ескертеміз.

Суға кетудің басты себебтері - бұл судағы қауіпсіздік ережелерін сақтамау, жастардың белгіленбеген орындарда үлкендердің қарауынсыз суға шомылуы.

Суға тусу маусымында тек қана шомылуға рұқсат етілген қауіпсіз су айдындарына барыңыздар!

Суға шомылу қауіпсіздік ережелерін сақтап, балаларыңызды қараусыз қалдырмаңыздар!

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистративное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 754 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка **Е.ЖИРНИКОВА.**